

*Бекітілген:
«Цеснабанк» АҚ Директорлар Кеңесімен
2017 ж. «22» ақпан № 22/02/17-03 шешім*

*«Цеснабанк» АҚ Басқармасымен
2017 ж. «15» ақпан № 24-17 хаттама*

*19.04.2019 ж. №47-19 Басқарма Хаттамасынан үзінді
көшірмеге сәйкес өзгертуді ескере отырып*

БАНКТІК ШОТТЫ АШПАЙ ТӨЛЕМ ҚЫЗМЕТТЕРІН КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ ШАРТ

Осы Банктік шотты ашпай төлем қызметтерін көрсету туралы шарт (бұдан әрі – Шарт) «First Heartland Jysan Bank» АҚ-тың (бұдан әрі – Банк):

- ақша жөнелтушінің (бұдан әрі - Төлеуші) банктік шотты ашпай төлемді жүзеге асыру үшін қолма-қол ақшаны қабылдау жөніндегі қызметтер;

- Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес Төлеушінің ақшасын банктік шотты ашпай аударуды жүзеге асыру жөніндегі қызметтерді (бұдан әрі – Ақша аударымы) жүзеге асыру шарттары мен тәртібін анықтайды, сондай-ақ Тараптардың құқықтары, міндеттері, жауапкершілігін, сондай-ақ Банк және Төлеуші арасындағы құқықтық қатынастардың өзге ерекшеліктерін (төменде анықталғандай) белгілейді.

Осы Шарт Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабының талаптарына сәйкес жасалатын және шарттары Төлеушінің банктік қызметтерді пайдалану – банктік шотты ашпай төлемдерді жүргізу/банктік шотты ашпай ақша аудару кезінде осы Шартқа қосылу ретінде қабылдануы мүмкін қосылу шарты болып табылады. Төлем құжаты осы Шартқа қосылуды және қызметті пайдалануды растайтын құжат (бұдан әрі - Төлем құжаты) болып табылады. Банк және Төлеуші туралы мәліметтер Төлем құжатында көрсетіледі. Бұндай кезде Төлем құжаты осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

Төлеушінің (оның заңды Өкілінің) Төлем құжатына қол қоюы: :

- Төлеуші Шарт талаптарын толық көлемде оқығанын, түсінгенін және қандайда да бір ескертпесіз және қарсылықсыз қабылдағанын;

- Шартта Төлеуші үшін оның саналы түрде түсінетін мүдделеріне қарай қабылдай алмайтын қандай да бір ауыртпалықты талаптардың жоқ екенін;

- Банкте Төлеуші қол қойған Төлем құжаты болатын жағдайда Төлеуші Шартты оқымағанының/түсінбегенінің/қабылдамағанының дәлелі ретінде Шартта өз қолының болмауына сілтеме жасауға құқығы жоқтығына;

- Төлеуші барлық шарттармен және Банктің осы Шартта қарастырылған төлем қызметтерін жүргізу тәртібімен келісетіндігіне;

- Шарттың барлық ережелері Төлеушінің мүдделері мен ерік білдіруіне толық сәйкес келетініне;

- шартты жасасу және оның талаптарын орындау Қазақстан Республикасы заңнамасының және/немесе Төлеушіге қатысты қолданылатын заңнаманың кез келген ережесін бұзбайды және олардың бұзылуына әкелмейтініне куәландырады.

Құжаттың мәтінінде басқасы қарастырылмаса, Банк Төлеушіден Банк көрсететін төлем қызметтерінің шеңберінде (Банктің тиісті белгісін қою арқылы) қабылдаған Шарттың барлық Қосымшалары (болған жағдайда), құжаттар Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

1. Шарттың мәні

1.1. Банк осы Шартта қарастырылған төлем қызметтерін Банктің қолданыстағы Тарифтеріне (бұдан әрі – Тарифтер) сәйкес көрсетеді. Төлеуші банктік қызметтерді төлейтін Банктің қолданыстағы Тарифтері Банктің: www.jysanbank.kz мекенжайындағы корпоративтік веб-сайтында және Банк филиалдарындағы және олардың қосымша орынжайларындағы операциялық залдарда орналастырылған.

1.2. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес Төлеуші қол қойған және Банк (Банктің тиісті белгісін қою арқылы) қабылдаған осы Шартқа Төлем құжатының негізінде осы Шартта қарастырылған төлем қызметтерін көрсетеді.

1.3. Осы Шартта қарастырылған төлем қызметтері туралы ақпарат Банктің www.jysanbank.kz корпоративтік веб-сайтында, сондай-ақ Банк филиалдарының және олардың қосымша орынжайларының операциялық залдарында көрінетін жерде орналастырылған.

1.4. Ақша аудару бойынша шетел валютасында операцияларды жүргізу кезінде операциялар Банк операцияларды жүргізу кезіне белгілеген айырбастау бағамына сәйкес жүргізіледі.

2. Қызметтерді көрсету тәртібі

2.1. Төлеушіге осы Шартта қарастырылған төлем қызметтерін көрсету жөніндегі банктік қызмет көрсету ұзақтығын Банк дербес анықтайтын операциялық күннің ішінде жүзеге асырылады. Тиісті өзгертулер туралы ақпарат операциялық күн кестесінде осындай өзгертулерді қолданысқа енгізгенге дейін Банктің www.jysanbank.kz мекенжайындағы корпоративтік веб-сайтында, сондай-ақ Банк филиалдарының және олардың қосымша орынжайларындағы операциялық залдарында көрінетін жерлерде 3 (үш) жұмыс күннен кешіктірмей орналастырылады.

2.2. Осы Шартта қарастырылған төлем қызметтерін көрсетуді Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына, Банктің ішкі құжаттарына және осы Шартқа сәйкес жүргізеді.

2.3. Төлеуші Төлем құжатын Банкке табыстайды және осы Шартта қарастырылған тиісті операцияны жүргізу үшін ақшаны салады. Банк Төлеушінің салған сомасының шегінде төлем қызметін көрсетеді.

2.4. Төлеушіде осы Шартты жасасқан кезден бастап туындаған талап ету құқығын Төлеуші үшінші тұлғаларға табыстай алмайды.

2.5. Төлеушінің тапсырмасы бойынша Төлем құжатының негізінде салынған ақша:

2.5.1. Осы Шартта қарастырылған төлем қызметін көрсету үшін Банк Тарифтеріне сәйкес Банкке тиесілі комиссиялық сыйақыны алуға (бұндай алынатын болса);

2.5.2. Төлеуші Төлем құжатында көрсеткен деректемелерге сәйкес Аударым алушының пайдасына банктік шотты ашпай Төлем/Ақша аударымын жүргізуге арналған.

2.6. Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған төлем қызметтерін көрсету кезінде ақшаны қайтару және осы Шартта қарастырылған төлем қызметтерін көрсетуді тоқтату қолма-қол ақша түрінде және төлеуші ұсынған деректемелер бойынша да жүргізіледі.

2.7. Төлеуші Төлем құжатында көрсетілген ақпараттың дұрыстығына жауапкершілікте болады және Төлем құжатында қате деректер көрсетілген жағдайда Банктің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына байланысты Банкке қандай да бір кінәрат-талаптар ұсынуға құқығы жоқ.

3. Төлеушінің құқықтары мен міндеттері:

3.1. Төлеушінің осы Шартты жасасуға байланысты туындаған Банкпен талап ету құқықтарын осы Шарт талаптарында үшінші тұлғаларға табыстауға құқығы жоқ.

3.2. Төлеуші Қазақстан Республикасының заңнамасында, Банктің ішкі құжаттары мен осы Шартта белгіленген тәртіп пен шарттарда қолма-қол ақшамен операция жүргізуге құқылы.

3.3. Төлеуші Банк Тарифтерімен танысып шығуға міндетті.

3.4. Төлеуші Қазақстан Республикасы заңнамасына, Банктің ішкі құжаттарына және осы Шартқа сәйкес Банк талап еткен тиісті үлгіде ресімделген құжаттарды ұсынуға міндетті.

4. Банк құқықтары мен міндеттері:

- 4.1.** Банк төлем қызметін көрсеткен кезде Қазақстан Республикасы заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында қарастырылған кез келген құжаттарды талап етуге құқылы.
- 4.2.** Банк өзгертулер және/немесе толықтырулар қолданысқа енгізілгенге дейін 5 (бес) жұмыс күннен кешіктірмей ақпаратты Банктің www.jysanbank.kz мекенжайындағы корпоративтік веб-сайтында, сондай-ақ Банк филиалдарының және олардың қосымша орынжайларындағы операциялық залдарында көрінетін жерлерде орналастыру арқылы осы Шартқа және Тарифтерге өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізуге бастамашы болуға құқылы.
- Төлеушінің Төлеушіге Тарифтерге енгізілген өзгертулер және/немесе толықтыруларды енгізу туралы хабарланған кезден бастап 5 (бес) жұмыс күн ішінде Тарифтерге енгізілген өзгертулер және/немесе толықтыруларды қабылдамау туралы өтінішті Банкке бермеуі Төлеушінің Тарифтерге өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізу туралы Төлеушіге хабарлау мерзімі аяқталған күннен бастап күшіне енетін жаңа Тарифтермен келісетінін білдіреді.
- 4.3.** Банк қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында (бұдан әрі – КЖК/ТҚ заңы) қарастырылған тәртіпте және жағдайларда осы Шартта қарастырылған төлем қызметтерін жүргізу операцияларын тоқтатуға, операцияларды жүргізуден бас тартуға құқылы.
- 4.4.** Егер Төлеуші ұсынған мәліметтердің дұрыстығын тексеру мүмкін болмаған жағдайда немесе Төлеуші (оның өкілі) туралы мәліметтерді жаңарту үшін қажетті мәліметтер мен ақпаратты Төлеуші ұсынбаған жағдайда, сондай-ақ Төлеушіге қызмет көрсету барысында Төлеуші іскерлік қарым-қатынасты КЖК/ТҚ Заңында қарастырылғандай қылмыстық жолмен немесе терроризмді қаржыландыру арқылы алынған кірістерді заңдыстыру (жылыстату) мақсатында пайдаланатынына күдік туындаған жағдайда Төлеушімен іскерлік қарым-қатынасты жасамауға, сондай-ақ тоқтатуға құқылы.
- 4.5.** Банк КЖК/ТҚ Заңында қарастырылған тәртіпте және негіздер бойынша Шартты орындаудан бас тартуға құқылы. Банк Шартты орындаудан бас тарту туралы Банкке хабарласқан және Төлем құжатын ұсынған кезде хабарлайды немесе Төлем құжатының деректемелерінде көрсетілген Төлеуші мекенжайына осы Шартты орындаудан бас тарту туралы хабарламаны электрондық түрде немесе пошта арқылы хабарламамен (Банк қалауы бойынша) бірге Төлем құжатын алған күннен кейінгі келесі күні бас тарту себебін көрсетіп хабарлайды.
- 4.6.** Төлем құжатының талаптары ақшалай талап ету мөлшеріне тең мөлшерде көрсетіліп, Төлеушіден түскен төлем құжатында операцияны жүргізу үшін қажетті барлық деректемелері болу шартымен, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 26 шілдедегі «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Заңында қарастырылған жағдайларды қоспағанда Банк осы Шарттың 2.5. тармағында көрсетілген Төлеушінің талаптарына сәйкес Төлем құжатын алған күннен кейінгі операциялық күннен кешіктірмей осы Шартта қарастырылған төлем қызметтерін көрсетуге міндетті.
- 4.7.** Банк Төлеушіден осы Шартта қарастырылған төлем қызметтерін жүргізу үшін тиісті операцияны жүргізу күніне Банк белгілеген Тарифтерге сәйкес комиссиялық сыйақы алуға құқылы.
- 4.8.** Банк Шартты орындау шеңберінде Банк Төлеушіден алған кез келген ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етуге міндетті.

5. Тараптардың жауапкершілігі

Банктің жауапкершілігі:

5.1. Төлеушіге банктік қызмет көрсетуге байланысты бұзушылық болған жағдайда Банк Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жауапкершілікте болады.

5.2. Төлеушінің Төлем құжатында көрсетілген төлем қызметін көрсету бойынша Төлеушінің нұсқауларын орындамау үшін Банк Төлеушінің жазбаша талабын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күннің ішінде Төлеушінің жазбаша талабы бойынша оған мерзімін кешіктірген әр күн үшін тұрақсыздық төлемінің сомасын Төлеушінің жазбаша талабында көрсетілген деректемелер бойынша есепке алу арқылы операция сомасынан 0,01% мөлшерінде тұрақсыздық төлемін төлейді.

Төлеушінің жауапкершілігі:

5.3. Төлеуші келесілер туралы ақпараттың дұрыстығы үшін жауапкершілікте болады:

- (i) Төлем/Аударым Алушы туралы, яғни пайдасына Төлем/Аударым жүргізілетін, және оның банктік деректемелері туралы;
- (ii) Төлем/Аударым мақсатын сәйкестендіретін төлем деректемелері туралы;
- (iii) Төлем/Аударым сомасы және көрсетілуге жататын басқа да деректемелер туралы ақпарат. Көрсетілген ақпарат қате болған жағдайда Банк Төлеушінің Төлем/Аударым алушының алдында міндеттемелерін тиісті түрде орындамағаны үшін жауапкершілікте болмайды.

5.4. Төлеуші Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Шот бойынша жүргізетін операциялардың заңдылығына, сондай-ақ осы Шартта қарастырылған төлем қызметтерін жүргізу үшін болатын Банкке ұсынылатын құжаттардың дұрыстығы үшін жауапкершілікте болады.

Жауапкершілікті алып тастау:

5.5. Тараптар еңсерілмейтін күш жағдайларының, соның ішінде келесілерді қоса алғанда бірақ бұлармен шектелмей: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, уәкілетті мемлекеттік органдар қабылдаған актілер/шектеу–тыйым салу сипатындағы шаралар, бағдарламалық қамтамасыз етудің істен шығуы, электр энергиясының өшірілуі, байланыс желісінің зақымдануы және Тараптардың еркінен тыс болатын және осы Шарттың мәніне тікелей қатысы бар басқа да жағдайлар салдарынан осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамағаны үшін жауапкершілікте болмайды.

5.6. Банк Төлеушінің деректемелері дұрыс көрсетілмеген Төлем құжатын орындағаны үшін жауапкершілікте болмайды.

5.7. Банк Төлеушінің немесе үшінші тұлғаның толық немесе нақты емес, түсініксіз нұсқауларынан және Банкке қатысы жоқ басқа да себептер бойынша осы Шарт бойынша міндеттерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамағаны үшін Төлеуші алдында жауапкершілікте болмайды.

5.8. Осы Шарттың талаптарын бұзған кезде Банктің жауапкершілігі кез келген жағдайда Төлеушіге операциялардың заңсыз әрекеттерімен/әрекетсіздігімен келтірілген нақты зиян мөлшерімен шектеледі, бұндай кезде зиян мөлшері тиісті құжаттармен расталуы тиіс.

6. Шарттың қолданыс талаптары

6.1. Төлеуші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын және Шартты жасасу фактісін растайтын Төлем құжатының негізінде Төлемді/Аударымды жүргізу мақсатында Банк кассасына ақша салған кезден бастап Шарт осы Шарттың талаптарында жасалған болып есептеледі. Төлем құжатындағы Банктің тиісті белгісі ақшаны салу фактісін растау болып табылады.

6.2. Шарт Төлеуші осы Шарттың 6.1.-тармағына сәйкес Төлем құжатының негізінде ақша салған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындағанға дейін қолданыста болады.

6.3. Банк ақпаратты Банктің www.jysanbank.kz мекенжайындағы корпоративтік веб-сайтында, сондай-ақ Банк филиалдарының және олардың қосымша орынжайларындағы операциялық залдарында көрінетін жерлерде орналастырып, Шартқа өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізуге бастамашы болуға құқылы. Тиісті өзгертулер және/немесе толықтырулар туралы ақпарат өзгертулер және/немесе толықтырулар қолданысқа енгізілгенге дейін 5 (бес) жұмыс күннен кешіктірмей Төлеушіге хабарланады.

6.4. Төлеушіге Шартқа енгізілген өзгертулер және/немесе толықтыруларды енгізу туралы хабарланған кезден бастап 5 (бес) жұмыс күн ішінде енгізілген өзгертулер және/немесе толықтыруларды ескере отырып Шарт талаптарын қабылдау туралы өтінішті Банкке бермеуі Төлеушінің Шарттың жаңа (өзгертілген/толықтырылған) редакциясы туралы Төлеушіге хабарлау мерзімі аяқталған күннен бастап күшіне енетін Шарттың жаңа (өзгертілген/толықтырылған) редакциясымен келісуін және оған енгізілген өзгертулер және/немесе толықтыруларды ескере отырып толық қосылатынын білдіреді.

6.5. Шартқа өзгертулер және/немесе толықтыруларды енгізгеннен кейін ол өзгертілген/толықтырылған түрде қолданыста болады.

6.6. Шартқа өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізуді талап ететін Қазақстан Республикасы заңнамасы өзгертілген жағдайда Шарттың 6-бөлімінде белгіленген тәртіпке

сәйкес Шартқа өзгертулер енгізілгенге дейін Шарт Тараптары Қазақстан Республикасы заңнамасының тиісті ережелерін басшылыққа алады.

7. Дауларды шешу тәртібі

7.1. Осы Шартта реттелмеген мәселелер бойынша Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

7.2. Осы Шартты орындау немесе оған қатысты (соның ішінде рұқсат етілмеген операциялар бойынша), және шарт жасасу процесінде туындаған барлық даулар мен келіспеушіліктерді Тараптар 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей қарастырады.

Келіссөздер арқылы реттелмеген осы Шартқа байланысты барлық даулар (келіспеушіліктер) Банктің немесе оның филиалының (Банктің қалауы бойынша) орналасқан мекенжайы бойынша Қазақстан Республикасының соттарында қаралады (азаматтық процестік заңнама талаптарына сәйкес айрықша соттылық белгіленген жағдайларды қоспағанда).

7.3. Төлеуші мен Ақша алушы арасында есеп айырысу бойынша өзара наразылық тікелей өздерінің арасында Банктің қатысуынсыз қаралады.

8. Құпиялылық

8.1. Тараптардың осы Шартқа байланысты беретін кез келген ақпараты, сондай-ақ Шартты жасау фактісі құпия ақпарат болып табылады және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарында немесе Шарттың талаптарында басқасы қарастырылмаса, екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға жария етілмейді.

8.2. Банк Төлеушіге және Шартқа сәйкес көрсететін қызметтерге қатысты ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету үшін оған байланысты барлық шараларды қолданады.

8.3. Құпиялылық Төлеушінің кінәсінен бұзылған жағдайда немесе құпия ақпарат үшінші тұлғаларға басқа дереккөздері арқылы белгілі болған жағдайда Банк жауапкершілікте болмайды.

8.4. Осымен Төлеуші Шарт және/немесе Банкпен өзге мәмілелерді жасасу және оларды орындау шеңберінде, соның ішінде Төлеушінің олар бойынша міндеттемелерін тиісті түрде орындауы мақсатында Банк пен Төлеуші және/немесе кез келген үшінші тұлғалар, соның ішінде Төлеуші және (немесе) Банкпен қатынастар немесе жағдайлар арқылы байланысқан тұлғалар арасында келесілерді қоса алғанда, бірақ бұлармен шектелмей: банктік және/немесе өзге қызмет көрсетуге, соның ішінде қызметтерді көрсетуге дейін және оларды көрсету барысында кез келген (бағалау және (немесе) сақтандыру бойынша (қарастырылған болса) және т.б.) әрекеттерді/мәмілелерді жасауға; хабарламаларды, талаптарды жөнелту, сондай-ақ ақпараттандыруға, соның ішінде Банктің қызметтері туралы ақпараттандыруға; кез келген мәліметтер мен ақпаратқа сұрау салу және оны алуға байланысты кез келген қатынастардың, туындауына немесе болашақта туындау мүмкіндігіне байланысты, сондай-ақ ақпаратты жинау, өңдеу және тарату қажеттілігі бар/туындаған өзге жағдайларда Банкке Банктің барлық дереккөзінен Төлеуші туралы, соның ішінде банктік және заңмен қорғалатын өзге құпия болып табылатын, Төлеуші туралы кез келген ақпаратты (бұдан әрі-«Ақпарат») өңдеуден өткізуіне, таратуына сөзсіз келісімін береді. Ақпаратты жинау, өңдеу және тарату Банктің қарауында Қазақстан Республикасының заңнамасына қарама-қайшы келмейтін кез келген тәсілдермен жүзеге асырылады.

Банк құқылы:

1) Банктің заңнама талаптарына, жасалған шарттарға сәйкес және өзге жағдайларда Ақпаратты уәкілетті мемлекеттік органдарға және кез келген өзге тұлғаларға беруге міндетті және құқылы болған кезде Ақпаратты беруге, соның ішінде «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» ҚР Заңының 16-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына (бұдан әрі – Заң) сәйкес ақпараттың трансшекаралық берілуін жүзеге асыруға;

2) Ақпаратты таратуға, соның ішінде Заңның 15-бабы 2-тармағына сәйкес;

3) Ақпаратқа қол жеткізу шарттарын дербес анықтауға;

4) Банкпен құқықтық қатынастары аяқталғаннан кейін Ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында белгіленген мерзімде кез келген тасымалдаушыларда сақтауға.

Банк Ақпаратты жинау, өңдеу және кез келген үшінші тұлғаларға беру туралы Банктің жасаған әрекеттері туралы ешкімге хабарлауға міндетті емес.

Төлеуші Банк Ақпаратқа өзгертулер және (немесе) толықтырулар енгізуі үшін Банкке тиісінше растау құжаттарын берумен жаңа Ақпарат, Банкке берген Ақпаратқа кез келген өзгертулер және/немесе толықтырулар туралы 3 (үш) жұмыс күні ішінде Банкке жазбаша хабарлауға міндеттенеді.

9. Қорытынды ережелер

Тақырыптар.

9.1. Баптардың орналасу тәртібі, баптардың атаулары және Шарттағы басқа да тақырыптар ыңғайлы болу үшін пайдаланылған және оларда Шарттың қандай да бір ережелерін шектеулер, сипаттаулар немесе түсіндірулер берілмейді.

Тілі.

9.2. Шарт орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде жасалған. Шарттың қазақ, орыс, және ағылшын тілдеріндегі мәтіндерінде алшақтық болған жағдайда Тараптар Шарттың орыс тіліндегі мәтінін басшылыққа алады.

Басқа шарттар.

9.3. Осы Шарт Төлеушінің талап етуі бойынша оған Төлем құжатына қол қою кезінде тапсырылады. Егер Төлеуші Шартта көрсетілгендерден басқа Банк көрсететін басқа да қызметтердің көрсетілуін қаласа, тиісті қызметтердің көрсетілуіне жеке шарттар жасауы, сонымен қатар Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде және/немесе Банктің ішкі саясатында, стандарттарында, процедураларында, Банктің басқа да ішкі құжаттарында қарастырылған талаптарды орындау талап етіледі.

Банк деректемелері:

Қазақстан Республикасы, Z05K7B0, Нұр-Сұлтан қ., Есіл ауданы, Сығанақ к-сі, 24-үй,
2019 жылғы 26 сәуіріндегі заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама
БСН 920140000084
ҚР ҰБ ЖСК KZ48125KZT1001300336,
БСК TSESKZKA